«Балаңыз дұрыс сөйлей ме?» Балаларына логопедтік топта оқу ұсынылған ата-аналарға арналған консультация, Логопед мұғалімнің болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған ұсынымдары, «Логопедтік тексеру нәтижелері бойынша ата-аналарға арналған жеке кеңес беру» ата-аналарға арналған консультациялар жүргізілген.

Дефектолог, логопед жұмысы

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына түзете-дамыта оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша жеке кеңестер берілген, консультациялық көмек ұйымдастырылып отырған. Ата-аналарға «Тілінің мүкістігі бар балалардың қолдың ұсақ моторикасын дамыту құралдары», «Баланың отбасындағы байланысты тілін дамыту», «Логопедтік тексеру нәтижелері бойынша ата-аналарға арналған жеке кеңес беру» ата-аналарға арналған презентация-консультациялар арқылы практикалық көмектер ұйымдастырылған.

Педагогтармен жұмыс:

МДҰ тәрбиешілеріне арналған семинарларда, педагогикалық кеңестерде, педагогикалық оқуларда кеңес берулер:

Логопедтің «Тілінің мүкістігі бар 5–6 жасар мектеп жасына дейінгі балалармен дене шынықтыру сабақтарын өткізу мазмұны мен әдістемесінің ерекшеліктері» ДШ нұсқаушысына арналған консультациясы;

А. С. Стрельникованың тәрбиешілер мен мамандарға арналған тыныс алу гимнастикасы бойынша тренинг, Логопед мұғалім мен логопедтік топ тәрбиешілерінің тілдің фонетикалық-фонематикалық мүкістігін жою бойынша түзету жұмысындағы өзара әрекеттестігі туралы; «ЖТМ балалармен түзетушілік жұмыста көрнекі үлгілеу тәсілдері. Жалпы тілінің мүкістігі бар мектеп жасына дейінгі ересек балалардың эмоционалды лексикасын қалыптастыру бойынша логопедтік жұмысында түсті қолдану» атты өз бетімен білім алу тақырыбымен жұмыс;

Қосымша - 4: Ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілердің туу туралы куәліктері және ПМПК берген анықтамасы, жеке жоспарлары мен бағдарламалары қоса жалғанады.

3.3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер

2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар бала саны- 14

2024-2025 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар бала саны-10

2025-2026 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар бала саны-6

Сонымен бірге әр топта ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілер мәліметі төмендегідей:

2023-2024 оқу жылы :

«Ақбота» кіші тобында 2 - тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны- 20

«Тэй -тэй» кіші тобында 3-тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-20

«Балапан» ортаңғы тобында 2-тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-25

«Шұғыла» ересек тобында 2-тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны - 15.

«Тұлпар» ересек тобында 3- тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны- 18.

«Гүлдер» ересек тобында 2- тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны- 20

2024-2025 оқу жылы

«Күншуақ» кіші тобында 1-тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны- 20.
«Ақбота» ортаңғы тобында -2 тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-24
«Тэй-тэй» ортаңғы тобында -1 тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-24
«Бауырсақ» ересек тобында -1 тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-16
«Гүлдер» ересек тобында -3 тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-13
«Балапан» ересек тобында -2 тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-25

2025-2026оқу жылы

«Бауырсақ» ортаңғы тобында -1 тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-23
«Ақбота» ересек тобында -2 тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-25
«Қошақан» ересек тобында -1 тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-22
«Балапан» МАД тобында -2 тәрбиеленуші бар, ол топтағы барлық бала саны-19

ҚОРЫТЫНДЫ: Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптар толық сақталған.

3.3.Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер

№ 9 «Жұлдыз-Ай»бөбекжай-балабақшасында 2025 жыл қыркүйек айында топтар жас ерекшелігі бойынша жасақталды.

Топтардың атауы	Жас кезеңділігі бойынша топтар	Жас ерекшелігі бойынша	Бала саны
«Ерке» тобы	Ерте жас топ	1-2 жас	10
«Аққайың» тобы	Кіші топ	2-3 жас	13
«Айгөлек» тобы	Кіші топ	2-3 жас	18
«Тұлпар» тобы	Кіші топ	2-3 жас	15
«Гүлдер» тобы	Кіші топ	2-3 жас	18
«Жұлдызша» тобы	Ортаңғы топ	3-4 жас	24
«Күншуақ» тобы	Ортаңғы топ	3-4 жас	22
«Бауырсақ» тобы	Ортаңғы топ	3-4 жас	23
«Шұғыла» тобы	Ортаңғы топ	3-4 жас	25
«Көбелек» тобы	Ересек топ	4-5 жас	25
«Ақбота» тобы	Ересек топ	4-5 жас	25
«Тэй-тэй» тобы	Ересек топ	4-5 жас	25
«Қошақан» тобы	Ересек топ	4-5 жас	22
«Балапан» тобы	МАД топ	5-6 жас	19

«№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасына тәрбиеленушілер 1 жастан бастап қабылданады. Әр оқу жылының басында тамыз айында жас ерекшеліктеріне сәйкес топтар жасақталады.Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару уақытылы жүргізіледі. Бұйрықтар жазылып, тіркеліп балабақша мөрімен бекітілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Тәрбиеленушілер № 9 «Жұлдыз-Ай»бөбекжай-балабақшасына жас ерекшелігіне сай қабылданып топтарға жасақталды.

3.4. Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер
Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығарууақытылы өз мерзімінде жүргізіліп отырылуы жүйеге қойылған.

Оқу жылы	Оның ішінде жасы бойынша
----------	--------------------------

	Қабылданған бала саны	1 жас	2 жас	3 жас	4 жас	5 жас
2023-2024 оқу жылы	147	76	38	16	17	0
2024-2025 оқу жылы	86	41	19	18	8	0
2025-2026 оқу жылы	36	13	18	4	1	0

ҚОРЫТЫНДЫ: Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару жыл бойы жүзеге асырылады.

Қосымша-3: Тәрбиеленушілер қозғалысы туралы кесте және бұйрықтар анықтамаға қоса жалғанып отыр.

3.5. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 24 ақпан айында № 190-н/қ бұйрығымен құрылған комиссия құрамы 2026 жылдың 02-04 наурыз айы аралығында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына жоспарлы мониторинг жүргізіп № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасына әдістемелік көмек көрсетіліп зерделенді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген Қағиданың 13 тармағы 1-8 тармақшалары бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен өрт қауіпсіздігі қағидаларының сақталуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуы үшін қолжетімді орта ұйымдастыру нормативтік талаптары, жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру нормалары, педагог кадрлармен қамтамасыз етілу талаптарына сәйкестігін анықтады.

ҚОРЫТЫНДЫ: «№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-н ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген Қағиданың мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесіне енгізу талаптарына сәйкес деп танылды.

3.6. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

-балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында балалар білім беру ұйымына жас ерекшеліктеріне сәйкес қабылданған.

Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы

Соңғы жылдардағы барлық тәрбиеленушілердің қамтылуы туралы мәлімет.

Оқу жылы	Топ саны	Бала саны
2023-2024 оқу жылы	6	123
2024-2025 оқу жылы	13	245
2025-2026 оқу жылы	14	284

Оқу жылы	Топ аты	Бала саны	Оқыту-тәрбиелеу тілі
2023-2024 оқу жылы (қыркүйек)	«Тәй-тәй» кіші топ	20	қазақша
	«Ақбота» кіші топ	20	қазақша
	«Балапан» ортаңғы топ	25	қазақша
	«Қошақан» ортаңғы топ	25	қазақша
	«Тұлпар» ересек топ	18	қазақша
	«Шұғыла» ересек топ	15	қазақша
2024-2025 оқу жылы	«Аққайың» ерте жас топ	10	қазақша

(қыркүйек)	«Тұлпар»ерте жас топ	10	қазақша
	«Шұғыла» кіші топ	20	қазақша
	«Күншуақ» кіші топ	20	қазақша
	«Жұлдызша» кіші топ	20	қазақша
	«Айгөлек» кіші топ	15	қазақша
	«Көбелек» ортаңғы топ	22	қазақша
	«Ақбота» ортаңғы топ	24	қазақша
	«Тэй-тэй» ортаңғы топ	24	қазақша
	«Бауырсақ» ересек топ	16	қазақша
	«Қошақан» ересек топ	25	қазақша
	«Балапан» ересек топ	25	қазақша
	«Гүлдер» ересек топ	14	қазақша
2025-2026 оқу жылы (қыркүйек)	«Ерке»ерте жас топ	10	қазақша
	«Тұлпар»жіші топ	15	қазақша
	«Гүлдер» кіші топ	18	қазақша
	«Аққайың» кіші топ	13	қазақша
	«Айгөлек» кіші топ	18	қазақша
	«Күншуақ» ортаңғы топ	22	қазақша
	«Шұғыла» ортаңғы топ	25	қазақша
	«Жұлдызша» ортаңғы топ	24	қазақша
	«Бауырсақ» ортаңғы топ	23	қазақша
	«Қошақан» ересек топ	22	қазақша
	«Тэй-тэй» ересек топ	25	қазақша
	«Көбелек» ересек топ	25	қазақша
	«Ақбота» ересек топ	25	қазақша
	«Балапан» МАД топ	19	қазақша

3.7.1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі, оқу - тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылады. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл Ересек топ тәрбиеленушілері 5 жастан бастап балабақшадан шығарылады.

ҚОРЫТЫНДЫ: Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптары сақталады.(бір бала бір жас ерекшелік тобында екі жыл қатарынан отырған жоқ.)

4.Оқу-әдістемелік жұмыс

4.1. жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі;

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары аралығындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін құрылған оқу жұмыс жоспарларындағы білім беру салалары мен ұйымдастырылған іс-әрекетінің мектепке дейінгі ұйымның МЖМБС талаптары мен ҮОЖ талаптарына сәйкестігі тексерілді. Аталған жылдардағы барлық оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелері мекеме басшысымен бекітілген, мекеменің мөрімен куәландырылған.

Тәрбиеленушілердің апталық оқу жүктемесінің көлемі ұзақтығы мен ұйымдастырылған іс-әрекеті санитарлы-гигиеналық нормалар мен ережелер талаптарына сәйкес келеді.

«№ 9 Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК тәрбиелеу-білім беру қызметін ұйымдастыруда:

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 1-2 қосымша, үлгілік оқу жоспарларын, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру (2023 жылғы 26 шілдедегі № 7 хаттамасы) әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып бекітілген. Осы аталған оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған. Оқу жоспарларында физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағыттары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік, физикалық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сенсорика, математика негіздері, құрыстыру, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Кіші топтарда (2 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 1- қосымшаға сәйкес:

- дене шынықтыру – аптасына 3 рет;
- дене шынықтыру** - күн сайын;
- сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – күн сайын;
- сенсорика - күн сайын;
- қоршаған ортамен таныстыру – күн сайын;
- сурет салу – күн сайын;
- мүсіндеу – күн сайын;
- жапсыру – күн сайын;
- құрыстыру – күн сайын;
- музыка – аптасына 1 рет;
- музыка**-күн сайын жүзеге асырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып, балабақша меңгерушісімен бекітілген.

Ортаңғы топтарда (3 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 2- қосымшаға сәйкес:

- дене шынықтыру – аптасына 3 рет;
- дене шынықтыру** - күн сайын;
- сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – күн сайын;
- қазақ тілі - аптасына 1 рет;
- қазақ тілі***-күн сайын;
- математика негіздері – күн сайын;
- қоршаған ортамен таныстыру – күн сайын;

- сурет салу – күн сайын;
- мүсіндеу – күн сайын;
- жапсыру – күн сайын;
- құрыстыру – күн сайын;
- музыка – аптасына 1 рет;

-музыка** - күн сайын жүзеге асырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып, балабақша меңгерушісімен бекітілген.

Ересек топтарда (4 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 2- қосымшаға сәйкес:

- дене шынықтыру – аптасына 3 рет;
- дене шынықтыру** - күн сайын;
- сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – күн сайын;
- қазақ тілі - аптасына 1 рет;
- қазақ тілі***-күн сайын;
- математика негіздері – күн сайын;
- қоршаған орामен таныстыру – күн сайын;
- сурет салу – күн сайын;
- мүсіндеу – күн сайын;
- жапсыру – күн сайын;
- құрыстыру – күн сайын;
- музыка – аптасына 2 рет;

-музыка** - күн сайын жүзеге асырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып, балабақша меңгерушісімен бекітілген.

Оқу жоспарының вариативтік компонент бөлігінде педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында бағдарламалар құрастырылып жүргізілген:

Ортаңғы топтар үшін: «Ертегілер елінде»/1сағ/-барлығы-36сағат. Құрастырушы: тәрбиеші А.К.Умирзакова.

Ересек топтар үшін: «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»/1сағ/-барлығы-36сағат. Құрастырушы: дене шынықтыру нұсқаушысы Г.К.Койшыбаева.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Балабақшаның 2023-2024 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспарлары, дағдыларды қалыптастыру бағыттары және ұйымдастырылған іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 1-2 қосымша, үлгілік оқу жоспарларын, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

2024-2025 оқу жылы

2024-2025 оқу жылдары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 557 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 бекітілген) сәйкес құрылған.

- 1- қосымша. Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;
- 2- қосымша. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

Аталған оқу жылдарында негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- 2) балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- 3) тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- 4) Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда ойын арқылы оқыту, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту қағидаларын басты назарда ұстаған.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

«№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-ның педагогикалық ұжымы тәрбиелеу білім беру процесін

- перспективалық жоспары;
- циклограммасы;
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырады.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер оқу жылы басталғанға дейін жылына жасап, мекеме басшысымен бекітірген. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. **Циклограмманың** ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. *Циклограмма* әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған. Балабақша топтарының циклограммалары:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықталған;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып жасалған;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдер қолданылған;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы орта құрылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінген.

Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып бекітілген. Осы аталған оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған. Оқу жоспарларында физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағыттары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік, физикалық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сенсорика, математика негіздері, құрыстыру, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Ерте жас топтарында (1 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 1- қосымшаға сәйкес:

- дене шынықтыру – аптасына 3 рет;
- дене шынықтыру** - күн сайын;
- сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – күн сайын;
- сенсорика - күн сайын;
- қоршаған ортамен таныстыру – күн сайын;
- мүсіндеу – күн сайын;
- музыка – аптасына 1 рет;
- музыка**-күн сайын жүзеге асырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып, балабақша меңгерушісімен бекітілген.

Кіші топтарда (2 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 1- қосымшаға сәйкес:

- дене шынықтыру – аптасына 3 рет;
- дене шынықтыру** - күн сайын;
- сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – күн сайын;
- сенсорика - күн сайын;
- қоршаған ортамен таныстыру – күн сайын;
- сурет салу – күн сайын;
- мүсіндеу – күн сайын;
- жапсыру – күн сайын;
- құрыстыру – күн сайын;
- музыка – аптасына 1 рет;
- музыка**-күн сайын жүзеге асырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып, балабақша меңгерушісімен бекітілген.

Ортаңғы топтарда (3 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 2- қосымшаға сәйкес:

- дене шынықтыру – аптасына 3 рет;
- дене шынықтыру** - күн сайын;
- сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – күн сайын;
- қазақ тілі - аптасына 1 рет;
- қазақ тілі***-күн сайын;
- математика негіздері – күн сайын;
- қоршаған ортамен таныстыру – күн сайын;
- сурет салу – күн сайын;
- мүсіндеу – күн сайын;
- жапсыру – күн сайын;

-құрыстыру – күн сайын;

-музыка – аптасына 1 рет;

-музыка** - күн сайын жүзеге асырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып, балабақша меңгерушісімен бекітілген.

Ересек топтарда (4 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 2- қосымшаға сәйкес:

-дене шынықтыру – аптасына 3 рет;

-дене шынықтыру** - күн сайын;

-сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – күн сайын;

-қазақ тілі - аптасына 1 рет;

-қазақ тілі***-күн сайын;

-математика негіздері – күн сайын;

-қоршаған орамен таныстыру – күн сайын;

-сурет салу – күн сайын;

-мүсіндеу – күн сайын;

-жапсыру – күн сайын;

-құрыстыру – күн сайын;

-музыка – аптасына 2 рет;

-музыка** - күн сайын жүзеге асырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі жасалып, балабақша меңгерушісімен бекітілген.

Оқу жоспарының вариативтік компонент бөлігінде педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында бағдарламалар құрастырылып жүргізілген:

Ортаңғы топтар үшін: «Сиқырлы асық»/1сағ/-барлығы-36 сағат. Құрастырушы: дене шынықтыру нұсқаушысы Г.К.Койшыбаева.

Ересек топтар үшін: «Сиқырлы бояу»/1сағ/-барлығы-36 сағат. Құрастырушы: тәрбиеші М.С.Абдигазиева.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымының 2024-2025 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспарлары, дағдыларды қалыптастыру бағыттары және ұйымдастырылған іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-2 қосымшалар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

2025-2026 оқу жылы

2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі **№ 394** бұйрығымен бекітілген 1-2-3 қосымшаларға сәйкес, үлгілік оқу жоспарына ҚР Оқу-ағарту министрінің **16.01.2025 жылғы № 7** бұйрығындағы өзгерістер мен енгізулері негізінде, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **30.04.2025** жылғы **№ 98** бұйрығындағы өзгерістер мен енгізулері негізінде, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына 1-қосымша Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығын негізге ала отырып құрылды.

- 1- қосымша. Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;
- 2- қосымша. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;
- 3- қосымша. Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары; (5 жастағы балалар).

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- Физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық жән езияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеуік-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК ҚР Оқу -ағарту министрінің 30.04.2025 жылғы № 98 бұйрығындағы өзгерістер мен енгізулерді басшылыққа ала отырып білім беру процесіне жоспарлау енгізілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- дене тәрбиесі;
- сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет;
- қазақ тілі;
- сенсорика;
- математика негіздері;
- құрастыру;
- қоршаған әлеммен таныстыру;
- сурет салу;
- мүсіндеу;
- жапсыру;
- музыка.

Топтарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес жас ерекшелігі әртүрлі жас топтарының толықтырылуы: балабақшада жас ерекшелігі әртүрлі жас тәрбиеленушілердің болуына байланысты 2025 жылдың 24 маусымдағы ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты «РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алып, перспективалық жоспарды Үлгілік бағдарламасы міндеттері тәрбиеленушілердің жасына сәйкес, барлық топтарда перспективалық жоспарлар құрылды. Циклограмма тәрбиеленушілердің әртүрлі әрекеттерін ұйымдастыруда тәрбиеленушілерге тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі, ұйымдастырылған күн сайынғы іс-әрекеттер, түрлі балалар әрекеттері күні тәртібіне сәйкес **циклограммада** толтырылады және іске асырылады. Сонымен қатар «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында топтардың циклограммасына атқарылған іс-әрекеттер толтырылып, балабақшаның жылдық жоспарына сай жүргізіледі. Педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей вариативтік бағдарламалар қолданысқа енгізілді.

«**Ақылды балақай**». 36 сағат - ортаңғы топ. Құрастырушы: Ж.О.Тлеумаганбетова, № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі.

«Қауіпсіздік әліппесі». 36 сағат - ересек топ. Құрастырушы: М.С.Абдигазиева, № 9
«Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымының 2025-2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспарлары, дағдыларды қалыптастыру бағыттары және ұйымдастырылған іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-2-3 қосымшалар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

Қосымша-6: оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелері анықтамаға қоса жалғанып отыр.

4.2. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтарда да балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

2023-2024 оқу жылдары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Бағдарлама мазмұны:

- 1) күтілетін оқыту нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге;
- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;
- 3) бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді жасауға;
- 4) қимылды, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік және дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын соның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;
- 5) тәрбие мен оқытудың психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға;
- 6) тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындыққа;
- 7) «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға;
- 8) креативтілікті, коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тәрбиеленушілердің игеру мерзімі – 5 жыл.

Перспективалық жоспарлары

Перспективалық жоспар білім беру салалары бойынша ортақ тақырыптар арқылы балалардың күтілетін нәтижелерге жететін көрсеткіштері оқу жылының әрбір айына жасалған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту

және дамыту бойынша, физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырылған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагогтар перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырған. Перспективалық жоспарды Үлгілік оқу жоспары мен Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп, жасалды. Перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес Үлгілік бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп алынды.

Бұдан басқа ұйымдастырылған күн сайын іс-әрекеттер, түрлі балалар әрекеттері күні тәртібіне сәйкес циклограммада толтырылады және іске асырылады. Педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей вариативтік бағдарламалар қолданылады.

1. «Ертегілер елінде». /36 сағат /- ортаңғы топ. Құрастырушы: А.К.Умирзакова, № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі.

2. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы». /36 сағат/ - ересек топ. Құрастырушы: Г.К.Койшыбаева, № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК дене шынықтыру нұсқаушысы.

Барлық бейімделген бағдарламалар білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етеді, баланың даму деңгейіне сәйкес.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2023-2024 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

2024-2025 оқу жылдары

2024-2025 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы № 422 бұйрығымен) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мақсаты: жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны бағытталған:

- ✓ дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;
- ✓ балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;
- ✓ тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;
- ✓ өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;
- ✓ тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

Балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылған.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылған:

Педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей вариативтік бағдарламалар қолданылады.

1. «Сиқырлы бояу». /36 сағат /- ортаңғы топ. Құрастырушы: М.С.Абдигазиева, № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі.

2. «Сиқырлы асық». /36 сағат / - ересек топ. Құрастырушы: Г.К.Койшыбаева, № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК дене шынықтыру нұсқаушысы.

Барлық бейімделген бағдарламалар білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етеді, баланың даму деңгейіне сәйкес.

«№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының әр жас топтары бойынша перспективалық жоспарларында төмендегідей мақсат-міндеттер жүзеге асырылған:

«Тұлпар», «Аққайың», «Айгөлек» ерте жас топтары бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

- балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;
- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;
- балалардың күн тәртібіне, қоршаған орта жағдайларына бейімделуі үшін жағдайлар жасау;
- жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту;
- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- дене шынықтыру мен дене белсенділігіне қатысуға, дербес қимыл әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру;
- қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

- коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру;
- сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту;
- баланың түсінетін және белсенді сөздік қорын қалыптастыру;
- ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту;
- балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету;
- үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру;
- 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:

- заттарды өзіне тән қасиеттері бойынша зерттеу;
- заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру;
- сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру;
- көру-есту түйсігін, қабылдау, есте сақтау, көрнекі-әрекеттік ойлау, қиял, зейінді дамыту;
- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;
- интеллектуалды сезімді тәрбиелеу (жаңаны тануда қуанышқа бөлену).

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

- шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;
- балалардың байқампаздығын дамыту;
- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;

- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

- балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау;
- баланың өз отбасының мүшесі екенін сезінуіне ықпал ету;
- қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;
- тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу;
- балаларды әлеуметтендіру үшін икемді дамытушы заттық-кеңістіктік орта құру;
- баланы әрекет түрлеріне, ойын арқылы өзіне - өзі қызмет көрсетуге, адамгершілік құндылықтарға баулу;
- айналасындағы заттық ортаға қызығушылықты қалыптастыру;
- мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын (амандасу, қоштасу, алғыс айту), құрдастарымен өзара әрекеттің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

«Күншуақ», «Бауырсақ», «Шұғыла», «Жұлдызша» кіші топтары бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;
- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;
- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;
- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;
- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;
- кітаптарға қызығушылықты дамыту;
- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;
- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:

- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;
- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;
- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;
- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;
- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

- бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;
- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету;
- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;
- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу;
- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;
- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу;
- желімсіз жапсыру техникасын игеру;
- өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;
- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;

- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;
- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;
- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;
- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).
- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау болып табылады.

«Ақбота», «Тәй-тәй», «Көбелек» ортаңғы топтары бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;
- негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;
- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;
- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;
- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;
- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;
- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау;
- әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;
- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;
- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;
- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;
- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;
- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;
- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:

- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;
- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;
- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;
- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;
- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;
- бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;
- бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;
- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;
- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;
- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;
- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;

- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;
- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;
- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;
- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;
- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);
- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);
- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу болып табылады.

«Гүлдер», «Балапан», «Қошақан» ересек топтары бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;
- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;
- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;
- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;
- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;
- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;
- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;
- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;
- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;
- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:

- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;
- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;
- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;
- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;
- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;
- тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;
- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;
- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;

- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;
- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту;
- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;
- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну;
- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

- ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;
- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;
- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;
- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру;
- табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру;
- қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ: Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» талаптарына сәйкес.

2025-2026 оқу жылдары

2025-2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы № 422 бұйрығымен) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мақсаты: жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны бағытталған:

- ✓ дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;
- ✓ балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;
- ✓ тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;
- ✓ өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;
- ✓ тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

Балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнында:

- б) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 7) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 8) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;

9) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;

10) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылған.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылған:

Педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей вариативтік бағдарламалар қолданылады.

1. **«Ақылды балақай».** 36 сағат - ортаңғы топ. Құрастырушы: Ж.О.Тлеумаганбетова, № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі.

2. **«Қауіпсіздік әліппесі».** 36 сағат - ересек топ. Құрастырушы: М.С.Абдигазиева, № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі.

Барлық бейімделген бағдарламалар білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етеді, баланың даму деңгейіне сәйкес.

«№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының әр жас топтары бойынша перспективалық жоспарларында төмендегідей мақсат-міндеттер жүзеге асырылған:

«Ерке», «Аққайың», «Қошақан» ерте жас топтары бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

- балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;
- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;
- балалардың күн тәртібіне, қоршаған орта жағдайларына бейімделуі үшін жағдайлар жасау;
- жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту;
- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- дене шынықтыру мен дене белсенділігіне қатысуға, дербес қимыл әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру;
- қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

- коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру;
- сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту;
- баланың түсінетін және белсенді сөздік қорын қалыптастыру;
- ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту;
- балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету;
- үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру;
- 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:

- заттарды өзіне тән қасиеттері бойынша зерттеу;
- заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру;
- сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру;
- көру-есту түйсігін, қабылдау, есте сақтау, көрнекі-әрекеттік ойлау, қиял, зейінді дамыту;
- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;
- интеллектуалды сезімді тәрбиелеу (жаңаны тануда қуанышқа бөлену).

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

- шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;
- балалардың байқампаздығын дамыту;
- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;
- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

- балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау;
- баланың өз отбасының мүшесі екенін сезінуіне ықпал ету;
- қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;
- тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу;
- балаларды әлеуметтендіру үшін икемді дамытушы заттық-кеңістіктік орта құру;
- баланы әрекет түрлеріне, ойын арқылы өзіне - өзі қызмет көрсетуге, адамгершілік құндылықтарға баулу;
- айналасындағы заттық ортаға қызығушылықты қалыптастыру;
- мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын (амандасу, қоштасу, алғыс айту), құрдастарымен өзара әрекеттің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

«Айгөлек», «Тұлпар», «Гүлдер» кіші топтары бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;
- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;
- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;
- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;
- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;
- кітаптарға қызығушылықты дамыту;
- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;
- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:

- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;
- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;
- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;
- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;
- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

- бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;
- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету;
- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;
- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу;
- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;
- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу;
- желімсіз жапсыру техникасын игеру;
- өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;
- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;
- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;
- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;
- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).
- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау болып табылады.

«Бауырсақ», «Жұлдызша», «Шұғыла», «Күниуақ» ортаңғы топтары бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;
- негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;
- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;
- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;
- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;
- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;
- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау;
- әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;
- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;
- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;
- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;
- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;
- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;
- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:

- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;
- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;
- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;
- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;
- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;
- бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;
- бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;
- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;
- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;
- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;
- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;
- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;
- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;
- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;
- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;
- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);
- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);
- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу болып табылады.

«Ақбота», «Көбелек», «Тәй-тәй» ересек топтары бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;
- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;
- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;
- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;
- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;
- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;
- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;
- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;
- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;
- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:

- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;
- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;
- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;
- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;
- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;
- тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;
- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;
- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;
- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;

- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту;
- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;
- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну;
- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

- ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;
- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;
- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;
- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру;
- табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру;
- қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау болып табылады.

«Балапан» мектепалды тобы бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;
- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;
- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;
- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;
- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;
- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;
- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;
- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;
- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;
- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:

- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;
- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;
- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;
- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;
- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;
- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;
- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау болып табылады.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттері перспективалық жоспар мен циклограммалары Үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу қызметінің бөлінуін растайтын барлық құжаттар, соның ішінде күн тәртібі, ҮІӨ-нің кестелері, перспективалық жоспарлары, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, мекеме басшысымен бекітіліп отырған.

Циклограммада әрбір күн тәртібі сәтінің ұзақтығы Санитариялық қағидалары талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, жасалған. Циклограмманы құрастыруда таңертеңгі гимнастикалардың серуендеріне, дидактикалық, қимылды және т.б. ойындарына, саусақ, артикуляциялық және гимнастиканың басқа түрлерін қолдануға көңіл бөлінген.

Циклограмма әр аптаға құрылды, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар, соның ішінде аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау; бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтау; балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану; балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы орта құру талаптары сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: *Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» талаптарына сәйкес.*

Қосымша - № 7: Мектепке дейінгі ұйымда құрастырылған және бекітілген перспективалық жоспарлар (білім беру бағдарламалары) анықтамаға қоса жалғанады.

4.3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне өлшемшарттар:

- тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы.

Талдау: 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы жұмыстық оқу жоспарларында ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі бекітілген. Циклограммада тақырыбы, мақсаты, ресурстары, әдіс-тәсілдері, дидактикалық ойындары, күтілетін нәтижелері көрсетіле отырып жазылған.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ерте жас тобы (1 жастағы балалар), кіші жастадағы (2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында көрсетілгендей

айқындалған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған.

2023-2024 оқу жылында

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылған.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды: 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру); 2) сөйлеуді дамыту; 3) көркем әдебиет; 4) сауат ашу негіздері; 5) қазақ тілі; 6) сенсорика; 7) математика негіздері; 8) құрастыру; 9) қоршаған ортамен таныстыру; 10) сурет салу; 11) мүсіндеу; 12) жапсыру; 13) музыка. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілген. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілген.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет топ тәрбиешісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене-шынықтыру-сауықтыру шаралары (танертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес қазақ тілі аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. *Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту* мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту жұмысы жүргізілген.

Бөбек жасы балалары үшін *сенсорика* бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Ортаңғы және Ересек топ балалары үшін *математика негіздерін* күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше 14 сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды топта аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Аталған оқу жылдарына арналған күн тәртібі барлық сыныптарда да балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

2024-2025 оқу жылында

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет топ тәрбиешісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене-шынықтыру-сауықтыру шаралары (танертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 1-2-3 қосымшаларға сәйкес, үлгілік оқу жоспарына ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 жылғы № 7 бұйрығындағы өзгерістер мен енгізулері негізінде, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 жылғы № 98 бұйрығындағы өзгерістер мен енгізулері негізінде, 2025 жылдың 17 қаңтарынан бастап «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті «Дене тәрбиесі» болып өзгерді.

2025-2026 оқу жылында

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылған.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды: 1) дене тәрбиесі; 2) сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет; 3) сауат ашу негіздері; 4) қазақ тілі; 5) сенсорика; 6) математика негіздері; 7) құрастыру; 8) қоршаған әлеммен таныстыру; 9) сурет салу; 10) мүсіндеу; 11) жапсыру; 12) музыка. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілген.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілген.

«Дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет топ тәрбиешісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене-шынықтыру-сауықтыру шаралары (танертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес қазақ тілі аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет

(балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. *Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту* мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту жұмысы жүргізілген.

Бөбек жасы балалары үшін *сенсорика* бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Ортаңғы және Ересек топ балалары үшін *математика негіздерін* күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Қоршаған әлеммен таныстыру күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды топта аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Аталған оқу жылдарына арналған күн тәртібі барлық сыныптарда да балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: *Апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы балалардың денсаулығы мен психикасын қорғау талаптарына сәйкес.*

Қосымша: *Ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспарлары мен тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы қоса жалғанады.*

5. Оқу-материалдық активтер

5.1. мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

«№ 9 «Жұлдыз -Ай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын типтік үлгідегі екі қабатты ғимараты 2022 жылдың 01 тамыз айынан бастап жұмыс жасап келеді.

Бөбекжай-балабақшасы 320 орынға арналған, қазақ тілінде 14 топ жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі мекемеде барлығы–62 қызметкерлер жұмыс жасайды, оның ішінде педагог қызметкерлер саны- 28.

Штаттық кесте ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 21шілде айындағы №224 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына» сәйкес 88,00 бірлікті құрайды, аудандық білім бөлімінің басшысымен келісілген, мекеме басшысымен бекітілген. Балабақшаның сайтына тарифтік тізім мен штаттық кесте орналастырылған.

№ 9 «Жұлдыз – Ай» бөбекжай- балабақшасының 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айындағы штаттық кесте бірліктері:

№	Қызмет атауы	Бірліктер
1	Меңгеруші	1
2	Педагог-психолог	1
3	Әдіскер	1
4	Шаруашылық меңгерушісі	1
5	Медбике	1,5
6	Дәмбике	0,5
7	Есепші	1,5
8	Тәрбиеші	28
9	Музыка жетекшісі	3,0
10	Қазақ тілі мұғалімі	1
11	Бейнелеу өнері	1
12	Хатшы	1
12	Тәрбиешінің көмекшісі	17
13	Аспаз	3
14	Көмекші жұмысшы	2
15	Кір жуушы	3
16	Кастелянша	1
17	Аула жинаушы	2
19	Күзетші	3
20	Мекеме жуушы	3
21	Дене шынықтыру нұсқаушысы	2,5
22	Логопед	1
23	Дефектолог	1
24	Қоймашы	1
25	Электрик	1
26	Жұмысшы	2

27	Сантехник	1
28	Қазандық оператор	3
	Барлығы	88,00

Қосымша-8 : Бағаланатын кезеңге штаттық кестесі анықтамаға қоса жалғанып отыр.

Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық және медициналық, әлеуметтік жағдайы балалардың өмірін қорғау және денсаулығының нығайтуын, интеллектуалдық дамуын, эмоционалдық жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі ұйымның аумағы қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Әр топтың өзінің ойын алаңы бар, талапқа сай жабдықталған. Кіші эстетикалық, архитектуралық ертегі және жануарлар мүсіндері орналасқан. Балабақшаның ойын алаңын балалар ойындарына арналған құралдармен жабдықтаған. Барлық топтар мен кабинеттер талапқа сай жиһаздармен, көрнекі, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған. Мектепке дейінгі ұйымда медициналық бөлме бар, қазіргі заман талабына сай жабдықталған.

Балабақшаның тәрбиеленушілерінің толыққанды дамуы үшін, оқыту- тәрбиелеу үдерісінде педагогтерге қолайлы жағдай туғызу үшін, білім беру процесіне ата-аналарды баулу үшін материалдық базасын жетілдіру басты мақсатымыз.

Балабақшаның негізгі мақсаты техникалық құрал- жабдықтарды уақытында алу, жөндеу жұмыстарын жүргізу, видео, аудиоаппараттарды, дидактикалық құралдарды алу, жиһаздардың болуы, оргтехника, оқу-әдістемелік, көркем әдебиеттерді және т.б. білім беру процесіне қажетті заттарды алу болып табылады.

Бөбекжай -балабақшасының жалпы алаңы -4755,3 шаршы метрге созылған. Онда әрбір топқа арналған учаскілері бар. Әрбір учаскіге арналған ойын құрылыстары орналасқан.

Әрбір топты құрайды: балалар қабылдау бөлмесі, ойын және жатын бөлмелері, ас мәзірін тарату бөлмесі және дәретхана бар. Топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуға мақсатталған сюжетті, дидактикалық ойындар, әдебиеттер, журналдар топтамасы, әдістемеліктер, көрнекі құралдармен жабдықталған.

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығын басшылыққа ала отырып, балабақшаны құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмысы жүргізілген.

Асхана 1- қабатта орналасқан. Өзіне қажетті асты даярлау және пісіру бөлмелері,(тарату орыны,шикі өнімдерді, дайын өнімдерді өңдеуге арналған,ас үй ыдыстарын жууға арналған) бөлмелері бар: тоңазытқыш-14 дана бар; тоңазытқыш камера -2 дана , сандық тоңазытқыш -2, оның ішінде сүт тағамына, жұмыртқаға, ірімшік,майға , балық, тауық еті, сиыр еті, томат пастасы, сыр, айран, жеміс, көкөніс т.б. тағам түрлеріне арналған. Электроқазан-1, элекропеш-1, электро еттартқыш-1, көкөніс турағыш аппарат-1, үстел ас блогына арналған- 9, су қайнататын котел-2,тоқ самаурын -1, картоп тазалағыш -1, сөре-8. Сонымен қатар көкөніс, жемістер қоймасы және құрғақ тағамдарды сақтау жәшік және бөлмелері бар.

Кір жуу бөлмесі жертөледе орналасқан.Кір жууға қажетті заттар:

Перделер мен шымылдықтар	жиын	1
Кірді жібітуге арналған арба	дана	2
Кіржуу машинасы	дана	2
Кептіргіш машина	дана	1
Өндірістік үстел	дана	1
Кірге арналған стеллаж	дана	3
Кәсіби үтіктеу үстелі	дана	1
Үтіктеу тақтасы	дана	2
Тұрмыстық үтік	дана	2

Медбикенің бөлмесі 1-қабатта орналасқан. Алдын алу екпесі және алдын алу сақтандыру бөлмелері бар. Медициналық жабдық пен құрал саймандар толық жабдықталған.

Медициналық шкаф-4, Кушетка-1, Бой өлшегіш-1, Вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер-2, Холодильник-1, Жазу үстелі-2, Орындықтар-2, Керме-1, Тонومتر-1, Фонендоскоп-1, Бактерицидті шам-2, Медициналық таразы-1, Медициналық термометрлер-140, Жуатын раковина-2, Педальды шелек-1, қайшы-2, Медициналық халаттармен-20, бір рет қолданатын жаймалар мен орамалдар-200, бахилы-100, Бикстер-3, 2, 5, 10 инелері бар бір рет қолданатын шприцтер-20 данадан. Пинцет-1, Кварц-2, Резеңке жылытқы-1, Мұзға арналған ыдыс-2, Бүйрек тәрізді науа-4, Металл қалақша-5 қаптау, Шиналар-4, Көздің көргіштігін анықтауға арналған кестелер -1, сантиметрлік лента-1, Дозаторы бар сұйық сабын, Жинау мүкәммалы құралдары, кеңсе құралдары қолданыста бар.

Музыка залы 2-қабатта орналасқан. Музыка залында музыкалық аспаптармен жабдықталған: проекционный экран-1, пианино-1, графaproектор-1, активный пульт-1. Акустическая колонка-2, домбыра дет-6, музыкальный центр-1, ағаш қасық музыкалық-20, трещетка-3, металлофон-4, барабан-5, шаңқобыз-1. Балалар орындығы-30, Компьютерге арналған жалғамасы бар педагог үстелі-1, Шынтақшалары бар аунақшаларда айналатын кресло-1, Оқу-көрнекі құралдарға арналған шкаф-1, Микрофон-телефон гарнитурасымен және web-камерамен жабдықталған интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютер-1, Көп функционалды құрылғы (көшіргіш/принтер/сканер)-1, Композиторлар портретінің жиыны-1, Фонотека-1, биге арналған айналар-2.

Спорт залы 2-қабатта орналасқан. Спорт залы спорттық құрал- жабдықтармен жабдықталған:

Өрмелеуге арналған арқан-1, Балалардың пластмасса гантельдері 250/500 грамм-30, Кегл жиынтығы-60, денсаулық жолы-4, ысқырық-1, шариктер жиынымен құрғақ бассейн-1, үстел теннисіне арналған жиынтық-1, балалар велосипеді-9, хоккей доптаяғы-20, самокат-13, шаңғы-15, эстафеталық аттар-4, таяққа байланған жұмсақ аттар-15, баскетболға арналған нысан-6, доптар резеңкелі-30, гимнастикалық таяқшалар-30, резинкалы жануарлар-10, фитболға арналған доптар-30, гимнастикалық баспалдақтар-4, ойыншықтарға арналған корзина-6, балалар шаңғысы-15, әткеншек -7, конустар-12, обруч-30, кубик -3, фишкілер-1, резеңке доптар (20 см) -30 дана, беседка-14.

Меңгеруші, әдіскер, педагог- психолог, логопед, медбике, есепші, хатшы, шаруашылық меңгерушісі кабинеттеріне арналған: 8 компьютер, 3 ноутбук ғаламторға қосылған, 8 дана принтер бар. Жазу үстелдер-16, кеңсе шкафтары-7, тәрбиешілерге арналған үстелдер-14, киімге арналған шкафтар-7, орындықтар-15, кілемдер-3, кресло-2.

Мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығаюына үлкен көңіл бөледі. Электр желісінің жағдайы техникалық нормаларға сай.

Өрт сөндірудің шиті алғашқы құралдарымен жабдықталған. МДҰ-да өрт дабылы өткізілген. Терезелер, есіктер қанағаттанарлық күйде. Өрбір эвакуациялау жолдарында «ШЫҒЫС» белгісі бар. Жанып тұрады. *Өрт сөндіргіш құралдары:* өрт сөндіргіш шиті-2, өрт сөндіргіш краны-7, өрт сөндіргіш ОП5-70 дана, дабыл қаққыш бар, балабақшада эвакуация жолдарының көрсеткіштері, жоспар кестесі схемасы қабырғада орналасқан.

5.2. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары).

Мектепке дейінгі мекеменің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар.

Ғимараттың техникалық төлқұжаты:

Ғимарат типі: Қабат саны- 2.

Салынған жылы: 2022 ж.

Балабақшаның жобалық қуаты 320 орын.

Білім беру мекемесінің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар.

Тұрақты жер пайдалану актісі бар, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі : 02-040-004-1793

Құрылыс ауданы- 1370.6 ш.м. Ғимараттың ауқымы- 11102 ш.м Жалпы ауданы- 4755.3ш.м

